

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

28 наурыз 2017 жыл

KASE студенттер арасында "Биржалық симулятор" білім беру жобасының басталу рәсімін өткізді

2017 жылдың 28 наурызында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасында, Қазақстан қор биржасымен және "ИРБИС" қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігімен ұйымдастырылған, "Биржалық симулятор" жобасының салтанатты ашылуы болып өтті. Жоба осымен тоғызыншы жыл бойы өткізіліп, биылғы жылы бұл іс-шара "Global Money Week" атты балалар мен жастар арасында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша Дүниежүзілік апталыққа орай өткізіледі.

2017 жылы жоба Алматы қаласының Әкімдігінің қолдауымен іске асырылады. Жобаның бас демеушісі – "Астана Банкі" АҚ, бас серіктесі – "Фридом Финанс" АҚ. Жобаның серіктестері "Цесна Капитал" АҚ, "Казком Секьюритиз" АҚ "Сентрас Секьюритиз" АҚ.

"Биржалық симулятор" жобасының мақсаты – жас мамандардың қаржылық сауаттылығын арттыру және қор нарығында жұмыс жасау бойынша практикалық тәжірибе алу.

"Қазақстан қор биржасы соңғы жылдары қаржылық сауаттылықты арттыру және Қазақстанның қор нарығының мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру бойынша жұмысты белсендірді. Біздің қызметкерлеріміз жыл бойы түрлі аймақтардағы бизнес-қайымдастықтармен кездесулер өткізіп, листингтік компаниялар үшін инвесторлармен өзара әрекеттесу бойынша оқыту сессияларын ұйымдастырады", – деді өз сөзінде бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, KASE Басқармасының мүшесі Қайрат Тұрмағамбетов.

"Биржевой симулятор" жобасы алғашқы реті 2008 жылдың 29 шілдесінде басталды. Өткен жылдары осы жобаға барлығы 3 000 астам студенттер қатысты.

Осы жылдағы қатысушылардың саны 1 000 адамнан асады.

"Биржалық симулятор" жобасы шегіндегі KASE оқу сауда-саттықтары 2017 жылдың 29 наурызында 9.00 ALT басталады. Жоба бір ай өтіп, 2017 жылдың 26 сәуірінде аяқталады. Жобаның жүлде қоры 1 000 000 теңгені құрайды. Жеңімпаздарды ұйымдастырушылар оқу сауда-саттықтары қорытындысы бойынша анықтайды. Жеңіске жеткен қатысушылар KASE серіктес ұйымдарында машықтанудан өту мүмкіндігіне иеленеді.

####

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE "Тұрақты қор биржалар" БҰҰ Бастамасына қосылды

Биржалық симулятор – қаржылық және экономикалық мамандықтар студенттеріне арналған KASE оқу сауда-саттықтары, 2008 жылдан бастап бүкіл Қазақстан бойынша өткізіледі. Жоба қаржылық және экономикалық мамандықтар студенттеріне ақысыз негізде қазақстандық

компаниялардың ең өтімді акциялары бойынша сауда-саттықтарға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл сауда-саттықтар, сауда-саттық жүйесінің негізінде жасалған, оқу сауда-саттық жүйесінде өткізіліп, оқу сауда-саттық жүйесіндегі бағалы қағаздардың баға белгілеулері нақты нарыққа мейлінше жақындатылған жағдайлар туғызу мақсатында, нақты сауда-саттықтың барысын көрсетеді. Оқу сауда-саттықтарының тарихында Алматы, Астана, Орал, Атырау, Қызылорда, Шымкент, Петропавл, Қарағанды, Екібастуз, Қостанай, Рудный, Павлодар, Ақтау, Ақтөбе және Атырау қалаларының 56 ЖОО студенттері қатысты.

Global Money Week (GMW) – Child & Youth Finance International (CYFI) балалар мен жастар үшін қаржы аясында даму жөніндегі халықаралық қорымен 2012 жылы бастамаланған, балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша халықаралық қозғалыс. Қозғалық әлемнің 130 мемлекетін қамтиды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz